

**Травматология**

**ЖӘНЕ**

**Ортопедия**

## **АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ КЛИНИКАЛЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНДА ЖОЛ- КӨЛІК АПАТЫ ЖАРАҚАТЫМЕН ЕМДЕЛГЕН НАУҚАСТАРҒА ЖАЛПЫ ШОЛУ**

**Ж.Т. БАУБЕКОВ, А.С. ОМАРОВ, А.Е. ӘУБӘКІРОВ, М.Р. ФАРУЗДИНОВ,  
С.С. КӨКШКБАЕВ, Б.Ш. ҚЫДЫРҒАЛИЕВ**

**Ақтөбе облыстық клиникалық балалар ауруханасы, Ақтөбе қ.**

---

Қазіргі таңда балалар арасындағы жарақаттардың бір бөлігін жол-көлік апатының нәтижесінде оның қатерлі жағдайлармен ұласуы, дүниежүзіндегі өзекті мәселелердің бірі. Жол-көлік апатының негізгі себептері жолда жүру ережелерінің бұзылуымен қатар, техникалық ақаулықтардың да салдарынан туындайтыны белгілі (Батпенев Н.Ж., 2011).

Жол-көлік апатынан болған жарақаттардың жылдан жылға өсуі автокөліктердің санының өсуімен тығыз байланысты.

Жол-көлік апатының нәтижесінде кейбір жарақаттардың адам өміріне қауіп тудыруы мен уақытылы медициналық жәрдем көрсету барысында 2010 жылдан бері ем алған науқастарға сараптама жасалды.

---

### **МАТЕРИАЛДАР МЕН ДЕРЕКТЕР**

Соңғы 2010-2011 жылдар аралығында біздің клиникаға қабылданған науқастардың бірқатары жол-көлік апатының нәтижесінде емделген науқастар. Науқастардың ауру тарихтарына шолу жасағанда соңғы 2 жылда ауруханаға 192 бала жол-көлік апатының салдарынан ем қабылдаған. Басым бөлігі басми қаңқасының жабық жарақатын құрап отыр. Қосарланған жарақат алған науқастардың ішінде басми жабық жарақатымен қатар аяқ-қол сүйектерінің сынықтары мен іш қуысы мүшелерінің зақымдалуы да анықталды. Балалардың жасына қарай жарақаттанған науқастар 1 айлық нәрестеден 15 жас аралығында кездесті. Қыз балаларға қарағанда ер балалардың жарақат алу жиілігі 16% жоғарылығы анықталды.

**Зерттеу мақсаты:** Жалпы шолу жасаудағы негізгі мақсат жол-көлік апаты салдарынан жылма жыл ең көп кездесетін жарақат пен қосарланған жарақаттарды анықтау және алдын алу шараларын ұсыну.

## НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Жарақаттардың ішінде диагностикалық және емдеу барысында ең қиындық туғызатын күрделі (бір жүйенің бірнеше жерден зақымдалуы) және қосарланған жарақаттар. Қосарланған жарақаттар балалар арасындағы аса қауіпті өлімге соқтыратын жарақаттардың бірі болғандықтан уақытында диагностика жасалып, шұғыл көмек көрсету және емдеу шаралары кезең кезеңімен жүргізілді (Цыбулькин Э.К., 1999; Баиров Г.А., 2000). Емнің нәтижелілігі науқасты уақытында ауруханаға жеткізумен қатар дер кезінде науқасқа көмек көрсетумен негізделеді.

*1 кесте - 2010-2011 жылдары анықталған жарақаттардың мүшелер бойынша кездесуі*

Жарақаттанған мүшелер	2010 жыл	2011 жыл
Басми жарақаттары	70 (76,1%)	80 (80%)
Кеуде қуысыны жарақаты	-	1 (1%)
Іш қуысыны жарақаты (талақ, бауыр)	1 (1,08%)	2 (2%)
Қол, білек, нық сүйектерінің жарақаттары	6 (6,52%)	3 (3%)
Табан, балтыр, сан сүйектерінің жарақаттары	15 (16,3%)	14 (14%)
Барлығы	92 (100%)	100 (100%)

Ауруханада емделген науқастарға сараптама жасау барысында ең жиі кездескен жарақаттар басми жарақаты (1 кестеде берілген). Барлық науқастардың

ішінде соңғы екі жылда 150 (78,1%) балада кездес Кеуде қуысының жарақаты 1 (0,52%) балада, іш қуы жүйелерінің жарақаты - 3 (1,6%) балада, талақты капсула ішілік жарақаты-2 балада, бауырдың жы тылуы - 1 балада анықталды. Балаларға шұғыл түр, іш қуысына лапароскопиялық диагностика жасалы уақытында көмек көрсетілді. Қолбасы, білек, ит сүйектерінің жарақаттары – 9 (4,7%), табан, балты сан сүйектерінің сынықтары – 29 (15,1%) бала кездесті. Жарақаттардың ішінде қосарланған жарак – 14 (7,29%) науқаста анықталды. Науқастард барлығына дерлік көмек көрсетілді.

Емделген науқастарға жалпы шо қорытындысы (1 кестеде көрсетілген) бойынш жол-көлік апаттарының салдарынан дамйт жарақаттардың басым бөлігін сараптама бар сында бас ми жарақаттары мен табан, балтыр, с сүйектерінің сынықтары құрады, сонымен қат жылдан жылға жол-көлік апатының жоғарыла анықталды.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, қазіргі тағ жол көлік апатының алдын алу мақсатында әлі болса жүргізілетін жұмыстар жеткілікті.

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Қоғамымыз бен дәрігерлерді толғандырат негізгі мәселе: жарақат таңған науқасты ж; технологияның жетістіктерімен емдеу әдіст нәтижесін көрсетуден бұрын, сол жарақатты болд мауды қарастыру қажет (бала-бақша мен мектепт ағарту жұмыстарын жүргізу).

2. Жарақаттардың алдын алу мақсатында жақты жұмыс жүргізілу қажет: мектепте, отбасы және көлік жүргізушілер арасында жолда ж ережелерін сақтай білуді нақты жолға қою.